

А.А. Булатбаева  , Е.Т. Каденов

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: yerbolat.kadenov@gmail.com

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ БАЛАЛАРМЕН ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚҚА ҰШЫРАУДЫ АЛДЫН АЛУ ЖҰМЫСЫНЫҢ АЛГОРИТМІ

Тұрмыстық зорлық-зомбылық – әлемдегі және Қазақстандағы маңызды мәселелердің бірі. Онымен дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан бастап, барлық елдердің үкіметі күресу үстінде. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша көптеген елдер заңнамалық құжаттарын, жол карталары мен стратегияларын бекіткен. Білім беру саласында балаларға қатысты зорлық-зомбылықты, ата-аналардың балаларға қатыгездік таныту мәселелерін болдырмау немесе тоқтату алдыңғы қатардағы маңызды міндеттерге жатады. Қазақстанда ЮНЕСКО балалар құқығын қорғау бойынша белсенді жұмыстар атқарып келеді. Олар қазақстандық отбасы мен балалардың жағдайын, балалардың мектептегі жағдайын талдап, нәтижелерін ұсынып жүр. Біздің мақалада өзіміздің сауалнаманы құрастырып, оны зерттеу әдісі ретінде пайдалану – балалардың жағдайына мейлінше жақын келуді қамтамасыз етіп отыр. Зерттеудің нәтижелері арқылы балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың шынайы бейнесіне тағы да куә болдық. Қарама-қайшылық балалар мен ата-аналардың тұрмыстық зорлық-зомбылық жайында түсініктерінің бір-біріне сай келмеуінде болып тұр. Аталған мәселеге сәйкес мектептердегі әлеуметтік педагогтың қызметтік іс-әрекетінің орны ерекше екені мәлім. Бірақ, олардың бұл мәселені шешуге байланысты құзыреттілігінің жеткілікті деңгейі мен нақты жұмыс алгоритмі білім беру саласының назарын аудартатын сұрақ.

Түйін сөздер: тұрмыстық зорлық-зомбылық, бала құқығын қорғау, әлеуметтік педагог, алгоритм.

A.A. Bulatbayeva, Ye.T. Kadenov

Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: yerbolat.kadenov@gmail.com

The algorithm of the work of a social pedagogue on the prevention of domestic violence with children

Domestic violence is one of the most important problems both in the world and in Kazakhstan. The World Health Organization (WHO), governments of different countries, international and national public organizations, the people themselves deal with this problem. Many countries have laws, roadmaps, and strategies to prevent domestic violence. In the field of education, the prevention or elimination of violence against children and abuse is one of the most important priorities. In Kazakhstan, UNESCO is actively working to protect the rights of children. They analyze the situation of Kazakhstani families and children, the situation of children in school and present the results. In our article, compiling our own questionnaire and using it as a research method provides the closest approach to the situation of children. The results of the study once again show the true picture of violence against children. The contradiction lies in the discrepancy between the ideas of children and parents about domestic violence. It is known that the role of social pedagogues in schools occupies a special place in this regard. Nevertheless, a sufficient level of their competence to solve this problem and a specific algorithm of work is an issue that attracts the attention of the education sector.

Key words: domestic violence, protection of children's rights, social educator, algorithm.

A.A. Булатбаева, Е.Т. Каденов

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: yerbolat.kadenov@gmail.com

Алгоритм работы социального педагога с детьми по профилактике домашнего насилия

Бытовое насилие является одной из сложных современных проблем как в мире, так и в Казахстане. Данной проблемой занимаются Всемирная организация здравоохранения, правительства разных стран, международные и республиканские общественные организации, сами люди. Во многих

странах приняты законы, дорожные карты и стратегии по предотвращению насилия в семье. В области образования предотвращение или искоренение насилия в отношении детей и жестокого обращения является одной из важных направлений и приоритетов деятельности.

Над защитой прав детей в Казахстане активно работает международная организация ЮНЕСКО. Под их патронажем проводится анализ положения казахстанских семей и детей, положения детей в школе. Методы исследования – анализ литературы и различных документов, а также анкетирование на основе разработанной анкеты. Результаты исследования еще раз показывают истинную картину насилия в отношении детей. Противоречие заключается в несоответствии представлений детей и родителей о бытовом насилии.

Одна из основных ролей социальных педагогов в школах связана с защитой прав детей. Возникает вопрос: достаточный ли уровень их компетенции для решения этой проблемы, разработаны ли новые методики работы социальных педагогов по профилактике домашнего насилия. Авторы разработали алгоритм работы социального педагога по профилактике домашнего насилия.

Ключевые слова: насилие в семье, защита прав детей, социальный педагог, алгоритм деятельности.

Кіріспе

Қазіргі таңда көптеген мәселелер ішінде, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, құқықтық және медициналық зерттеулердің аралығында ұштасатын балалардың зорлыққа ұшырауы мәселесі ерекше өзекті. Интернет желісінде балалардың немесе анасы мен баласының тұрмыстық зорлыққа ұшырағаны жайында түрлі жаңалықтар белең алып барады.

ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңының (2009) 1-бабына сәйкес, тұрмыстық зорлық-зомбылық – отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында бір адамның басқаға (басқаларға) қатысты дене зардабын және (немесе) психикалық зардап келтіретін немесе келтіру қаупі бар құқыққа қарсы қасақана әрекеті (іс-әрекеті немесе әрекетсіздігі) (Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы, 2009). Осы уақытқа дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны ретінде балаларды бөлек зерттеу нысаны болған жоқ, олар әйелдермен қатар қарастырылды. Оған дәлел, еліміздегі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы заңнамалық құжаттарда балалардың тек аналарымен бірге аталып өтуінде. Дегенмен, балалардың жалпы құқықтарын қорғау бойынша елімізде бірқатар заңнамалар бекітілген. ҚР балалар құқығын қорғау туралы Конвенцияны ратификациялағанына 25 жыл болды (1994). Конвенция бойынша мемлекет баланы зорлық-зомбылықтың кез келген түрінен қорғап, балалардың жақсы өмір сүруінің негізгі кепілі болады (Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы, 1994).

Одан бөлек, 2002 жылы Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңы енгізілді. Аталған заңда балалар құқығы бойынша уәкіл туралы былай делінген: Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары жөніндегі уәкіл – Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын, өзіне балалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің негізгі кепілдіктерін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік және қоғамдық институттармен өзара іс-қимыл жасай отырып, балалардың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіру жөніндегі функциялар жүктелетін адам (Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы, 2002). Бұл балалар құқықтары жөніндегі уәкіл елімізде 2016 жылы пайда болды. Қазіргі уәкіл Аружан Саинның айтуынша, балаларға зорлық көрсетуге қатысты, оның «Добровольное общество «Милосердие» қоры және басқа да мемлекеттік емес ұйымдар басшылыққа түрлі ұсыныстарымен бірнеше рет жүгінген. Олардың кейбіреуі жүзеге асқан жәбірленушінің татуласуына байланысты істі тоқтатуға шектеу қою, шартты түрде қамауға алуды қолданбау, шартты-уақытынан бұрын босату және жазаны өтеуді жеңіл түріне ауыстырмау заңды түрде бекітілді. Сонымен қатар педагогтар мен дәрігерлерге қылмыс туралы айтып жеткізбегені үшін жауапкершілік күшейтілді (Как написать обращение к детскому омбудсмену Аружан Саин, 2019).

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінің (2011) 67-бабына көз салсақ: баланың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнгендігі туралы, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы өздеріне белгілі болған

мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдары және өзге де азаматтар бұл туралы баланың нақты тұратын жері бойынша қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға хабарлауға міндетті екенін айтады (Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, 2011). Бір жағынан, баланың құқығын қорғау туралы құжаттардың арасындағы педагогтарды жауапкершілікке міндеттейтін тек бір ғана бап болса, екінші жағынан, мәселенің өте күрделі және өзектілігін ескерсек, соның өзі педагогикалық қызметкерлердің жеңіл қарамау керектігінен хабар етеді.

Leeb, R. T., (Leeb R. T., 2008) және тағы басқалар балаларға қатыгездік таныту деп, 18 жасқа толмаған баланы ата-анасы, қамқоршысы немесе қамқоршылық рөліндегі басқа адам (мысалы, дінбасылар, жаттықтырушы, мұғалім) зиян келтіретін немесе қауіп төндіретін қатыгездіктің барлық түрлерін қамтиды. Олар балаларға қатысты дөрекі қарым-қатынастың төрт түрін атап өтеді:

1. Физикалық зорлық-зомбылық – бұл күш қолдану, мысалы, ұру, соққы беру, жұлқылау, күйдіру немесе балаға қатысты басқа да күш көрсету.

2. Сексуалдық зорлық-зомбылық дегеніміз – баланы жыныстық актілерге итермелеу немесе мәжбүрлеу. Оған баланы ұнату және басқа жыныстық әрекеттерге ұшырату сияқты мінезқұлық кіреді.

3. Эмоционалды зорлық-зомбылық дегеніміз – баланың өзіндік құндылығына немесе эмоционалды саулығына зиян келтіретін мінезқұлық. Оған: мазақ ету, ұялту, бас тарту, жақсы көрмеу және қорқыту жатады.

4. Немқұрайлылық – баланың негізгі физикалық және эмоционалды қажеттіліктерін қанағаттандырмауы. Бұл қажеттіліктерге тұрғын үй, тамақ, киім, білім және медициналық көмекке қол жетімділік кіреді (Leeb, 2008).

Балаларға қатыгездік пен немқұрайлылықтың алдын алуға болады. Балаларға қатыгездік пен немқұрайлылықты қалай болдырмауға болатындығын түсінуде көп жетістіктерге қол жеткізілді. Балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен немқұрайлылық бірқатар жеке, отбасылық және қоршаған орта факторларының өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады (Cicchetti, Toth, 2005). Демек, балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен немқұрайлылықтың алдын алу қоғамның негізгі салаларын кесіп өтетін

жан-жақты бағдарлауды қажет етеді деп айтуға толық негіз бар (мысалы, денсаулық сақтау, үкімет, білім беру, әлеуметтік қызметтер және сот төрелігі) (Petersen, Joseph, Feit, 2013). Сонымен қатар, мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының балалардың қатыгездігі мен немқұрайлылығын азайтуға мүмкіндік беретін тиімді әрекеттерді жүзеге асыру және кеңейту мүмкіндіктерін арттырудың маңызды қажеттілігі бар (Fixsen, Naoom, Blase, Friedman, Wallace, 2005; Richmond-Crum, Joyner, Fogerty, Ellis, Saul, 2013).

Бірнеше заңнамалық құжаттарды талдай келе, мектептерде де әлеуметтік педагогикалық алдын алу жұмыстарының нормативтік алгоритмін қарастыру өте орынды. Мақала авторлары айтуынша (Булатбаева, 2019), отбасындағы балалар мен жасөспірімдерге қатысты зорлық-зомбылық жағдайларының көбеюі, барлық деңгейлерде бұл мәселені шешудің күрделілігі оның себептерін, формаларын, түрлері мен динамикасын, неғұрлым тиімді шараларды (алдын алу, түзету, оңалту) әлеуметтік-педагогикалық бақылау мұқият зерттеуді қажет етеді (Булатбаева, Каденов, 2019). Осыған байланысты, егер бала зорлық-зомбылыққа душар болса, балалар мен ата-аналардың олардың құқықтарын түсінуін зерделеуде және зорлық-зомбылықтың алдын алудың қол жетімді құралдары туралы білім деңгейін анықтауда проблема туындайды. Бұл параметрлерді зерттеу үнемі сарапшылардың назарында болуы керек, өйткені зорлық-зомбылықтың алдын алу және ақпараттық ресурстардың мазмұны күн сайын өзгеріп отырады. Алайда, олардың қаншалықты қолданылғаны және заң тұрғысында қамтамасыз етілуі туралы мәселе ашық күйінде қалып отыр. Сол үшін мәселені анықтауға бағытталған зерттеу ұйымдастырып, оны өткіздік. Зерттеудің мақсаты оқушылардың тұрмыстық зорлық туралы білімдерін, оған көзқарасын, пікірлерін, өзін және өзгені қорғау позицияларын анықтау. Сонымен қатар, басқа да зерттеулер (ЮНИСЕФ, 2019) көрсеткен статистикалық мәліметтерді ескере отырып, (Анализ положения детей в Республике Казахстан, ЮНИСЕФ, 2019) балалармен тікелей сауалнама жүргізу арқылы қоғамдағы шындыққа көз жеткізу. Бұл мақала зерттеудің негізгі нәтижелерін жариялауға және ұсыныстарды жасауға арналған.

Методология

Мақсатты орындау барысында бірнеше міндеттер туындады.

Бірінші міндет – жалпы білім беретін мектепте оқушылармен және әлеуметтік педагогпен кездесіп, зерттеу туралы жалпы ақпараттандыру;

Екінші міндет – оқушыларға тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы, оның өзектілігін, балалардың құқықтары туралы баяндау;

Үшінші міндет – оқушылардың зерттеудің сауалнамасына дайындығын, олардың сұрақ, тілектерін қанағаттандыру арқылы қамтамасыз ету;

Төртінші міндет – сауалнаманы ұсынып, оқушыларға қолайлы жағдайда оны өткізу, нәтижелерге қол жеткізу.

Сауалнама мақала авторларының қарастырылып отырған өзекті мәселеге сай сұрақтарды қамтамасыз етуімен құрастырылған. Сауалнамада барлығы 18 сұрақ берілген. Оның 5 сұрағы ашық сұрақтардан тұрады. Сауалнама әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессоры мен Алматы қаласындағы 8 мектеп-гимназиясының директорының өзара шешімімен зерттеу базасы болып аталған мектеп-гимназия келісілді. Сауалнамаға қатысушылар ретінде 6-7 сынып оқушылары таңдап алынды. Жоспарланған сыналушылардың саны n=120, сыналғандар саны n=119. Респонденттердің басым көпшілігі қыз балалар n=71, қалғаны ер балалар n=48. Бір сыналушының қатыспау себебі, оның денсаулық жағдайына байланысты сабаққа келмегендігімен түсіндірілді. Сауалнама басаяғы 2 апта жүргізілді. Сауалнама мектептегі негізгі сабақтардың маңыздылығын ескеріп, сынып сағаттары уақыттарында жүргізілді. Мақала авторлары сауалнаманы мектептің әлеуметтік педагогының қолдауымен оңтайлы жүргізе алды. Зерттеудің барлық міндеттері орындалды.

Нәтижелер мен талқылау

Сауалнама нәтижесін өңдеуде балалардың бұл мәселе бойынша түсініктері барын аңғаруға

болады. «Сіздің ойыңызша, зорлық-зомбылық деген не?» сұрағына балалар барынша өз ойларын жазуға тырысты. Сыналушылар зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне қатысты жауаптар берді. Олар көбінесе «ұрып соғу», «кемсіту», «буллинг», «физикалық және психикалық зиян келтіру» деген жауаптарды көрсетеді. Яғни, олардың ойынша зорлық-зомбылыққа физикалық және психологиялық қорлау жататыны айқын. Алайда, ЮНИСЕФ-тің 2019 жылғы Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайын талдау есебіне сүйенсек, «зорлық-зомбылық» термині денеге салмақты зақым келтірудің синонимі ретінде қарастырылып, қорлау, психологиялық және ауызша қорлау секілді әрекеттерді білдірмейді. Психологиялық қорлау туралы түсінік жоқ. Кейбір жағдайларда ата-аналар дене жазасын қолданады – баланы ұру, соғу, кей кезде қатал емес тәртіпке салуды жөн санайды (Анализ положения детей в Республике Казахстан, ЮНИСЕФ, 2019). Мұндағы қарама-қайшылық – тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында агрессор рөліндегі ата-ана мен құрбан болып табылатын бала арасындағы әр түрлі түсініктер. Көптеген ата-аналар бала тәрбиесінде, немесе күнделікті үй жағдайында балаларға физикалық жазаны қолдану қалыпты жағдай деп кеткен. Волкова (2007) өз зерттеулерінде көршілес Ресей еліндегі ата-аналардың 60% физикалық жазаны бала тәрбиесінде қолдануды жөн санайтындарын айтады (Волкова, 2007).

«Балалар сенім телефоны нөмірін білесің бе?» деген сұраққа оқушылардың басым бөлігі (90,8%) «жоқ» деген жауапты таңдаған. Бұл балалардың ақпаратсыздығынан хабар береді. Мектептерде, қоғамдық орындарда балалар құқығын қорғау бойынша ақпараттар әлі де жеткіліксіз және мектептегі әлеуметтік педагог қызметінің осы мәселеге байланысты нақты қадамдық әрекет ету алгоритмі жоқтың қасы.

Do you know the child helpline number?

		Frequency	Percent	Valid Percent	Cumulative Percent
Valid	yes	5	4,2	4,4	4,4
	no	108	90,8	95,6	100,0
	Total	113	95,0	100,0	
Missing	System	6	5,0		
Total		119	100,0		

1-сурет – «Балалар сенім телефоны нөмірін білесің бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі

Респонденттердің көбі (64,7%) мәселені шынайы сезінгенімен, жоғарыда айтылған балалар сенім телефонынан хабары жоқтығы әсерінен, басқа жолмен шешуге тырысатын айтады. Оны «Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында кімге жүгінесіз?» деген сұраққа берген жауаптарынан байқаймыз. Сұраққа жауап бергендер

ішінде 21,8% «басқа туысқандар мен жақсы таныстарыма» десе, 13,4% «достарыма» айтамын деген нұсқаны таңдайды. Басқа туыстардың да, достардың да әрі қарай әрекет ету үшін көмекке жүгінуге, кеңес беруге немесе өздері құзырлы органдарға хабарласатындарына кепілдік беру қиын.

Do you consider domestic violence a real problem in modern society?

		Frequency	Percent	Valid Percent	Cumulative Percent
Valid	yes	77	64,7	64,7	64,7
	no	9	7,6	7,6	72,3
	did not think about it	33	27,7	27,7	100,0
	Total	119	100,0	100,0	

2-сурет – «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты қоғамдағы маңызды мәселе деп есептейсің бе?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі

If contacted, then where?

		Frequency	Percent	Valid Percent	Cumulative Percent
Valid	other relatives, good friends	26	21,8	44,8	44,8
	class teacher and other teachers	2	1,7	3,4	48,3
	service of child help line	1	,8	1,7	50,0
	friends	16	13,4	27,6	77,6
	police	7	5,9	12,1	89,7
	others	6	5,0	10,3	100,0
	Total	58	48,7	100,0	
	Missing	System	61	51,3	
Total		119	100,0		

3-сурет – «Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайында кімге жүгінесіз?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі

Нәтижелерді сараптай келе, келесідей анық мәселелерді атап өтуге болады:

1. Балалардың құқығын қорғау туралы толық хабардар болмауы;
2. Педагогикалық қызметкерлердің мәселе бойынша құзыреттілігінің аздығы;
3. Дәстүрлі бала тәрбиесі немесе менталитет.

Шешімдер мен ұсыныстар

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы деректерінде (WHO, 2016) балаларға қатысты зорлық-зомбылық индивидуалды, жақын қа-

рым-қатынаста, қоғамдастық және қоғам деңгейлеріндегі себептермен жан-жақты проблема болып табылады, сондықтан оны бір уақытта бірнеше түрлі деңгейлерде қарсы қою керек. Әлеуметтік экологиялық модель осыған байланысты қосарланған мақсатқа қызмет етеді, өйткені модельдегі әрбір деңгей қауіптер мен алдын алу мүмкіндіктері бірге болатын өлшемді білдіреді. Сондықтан балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен күресу келесі шараларды жүзеге асыруды талап етеді:

- қауіпсіз, тұрақты және тәрбиеленген отбасылық ортаны құру, зорлық-зомбылық қауіп

бар отбасыларға мамандандырылған көмек пен қолдау көрсету;

- физикалық өзгерістер арқылы қауіпті ортаны өзгерту;
- зорлық-зомбылық қауіпін азайту үшін қоғамдық орындарда қауіпті факторларды азайту (мысалы, мектептер, жастар жиналатын орындар);
- қарым-қатынастардағы, үйдегі, мектептегі, жұмыс орнындағы және т.б. гендерлік теңсіздіктерді жою;
- зорлық-зомбылықты қолдайтын мәдени көзқарастар мен тәжірибелерді өзгерту;
- құқықтық негіздер балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне тыйым салуды қамтамасыз етеді және жастардың алко-

голь және атыс қаруы сияқты зиянды өнімдерге қол жетімділігін шектейді;

- зорлық-зомбылықтан зардап шеккен балаларға сапалы қызмет көрсетуге қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- зорлық-зомбылыққа ықпал ететін мәдени, әлеуметтік және экономикалық теңсіздіктерді жою, байлықтар арасындағы айырмашылықты жою және тауарларға, қызметтерге және мүмкіндіктерге тең қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы әрекет етуде маңызды рөл атқаратын бірнеше секторлардың әрекеттерін үйлестіру (INSPIRE: seven strategies for ending violence against children, WHO, 2016).

1-кесте – Балаларға қатысты қатыгездік пен немқұрайлылықтың алдын алу стратегиясы (Fortson B. L. бойынша).

Стратегия	Тәсілдері
Отбасыларға экономикалық қолдауды күшейту	<ul style="list-style-type: none"> • Үй шаруашылығының қаржылық қауіпсіздігін нығайту • Отбасына арналған жұмыс саясаты
Ата-аналарды қолдау және позитивті ата-аналар үшін әлеуметтік нормаларды өзгерту	<ul style="list-style-type: none"> • Қоғамдық жұмыстар мен білім беру компаниялары • Дененің жазасын төмендетудің заңнамалық тәсілдері
Өмірдің ерте кезеңінде сапалы күтім мен білім беру	<ul style="list-style-type: none"> • Отбасының қатысуымен мектепке дейінгі тәрбие • Лицензиялау және аккредиттеу арқылы балаларға күтім көрсету сапасын жақсарту
Баланың дені сау болып өсуіне ықпал ету үшін ата-аналық дағдыларды жетілдіру	<ul style="list-style-type: none"> • Ерте балалық шақта үйді аралау • Ата-ана тәрбиесі және отбасылық қарым-қатынас тәсілдері
Зиянды азайтуға және болашақ қауіптің алдын алуға араласу	<ul style="list-style-type: none"> • Жақсартылған алғашқы медициналық көмек • Ата-аналардың мінез-құлқын тәрбиелеу бағдарламалары • Зияндылықты азайтуға және әсер етуді елемуге арналған емдеу • Проблемалық мінез-құлқтың алдын алу және кейінірек зорлық-зомбылыққа араласу

Америкалық зерттеушілер Fortson, B.L., (2016) және тағы басқалар «Жарақаттың алдын алу және бақылау ұлттық орталығы» аясында жүргізген зерттеу жұмысында балаларға қатысты қатыгездік пен немқұрайлылықтың алдын алу стратегиясын ұсынады (Fortson, Klevens, Merrick, Gilbert, Alexander, 2016).

Бүгінгі балалар ертеңгі еліміздің болашағы екенін әрбіріміз білеміз. Ендеше, олардың құқығын қорғау – бақытты балалық шақты сақтау да біздің міндет. Көптеген жаңалықтарға қарасақ, елімізде тек балалар ғана емес, сонымен қоса ересектер де бала құқығынан білімі аздау деген пайымға келеміз.

Бұның себебі, біздің балаларды қорғау туралы барлық жерде қайталап айтпауымызда.

Егер де балаларымыздың құқығын қорғауды насихаттайтын болсақ, халықтың, балалардың өздерінің бұл туралы толық ақпараттандырумен қамтамасыз еткен болар едік.

Ақпараттандыру бойынша келесідей ұсыныстарды береміз:

1. Оқушылардың кітап немесе дәптерлерінің (күнделіктерінің) ішінде балалар сенім телефондары номері, бала құқығын сақтау туралы ақпарат тұрғаны дұрыс.

2. Барлық білім беру ұйымдарында, көшелерде, қоғамдық орындарда бала құқығын қорғау туралы ақпараттық посттар, бұрыштарды көптеп ұйымдастыру керек.

3. Теледидар, радио немесе басқа да бұқаралық ақпарат құралдары, интернет желілері ар-

қылы бала құқығын қорғауды насихаттауға бағытталған бағдарламалар, үндеулер, челленждер жасап, оған белгілі адамды жұмылдыру.

Педагогикалық қызметтің бала оқыту мен тәрбиелеуді анықтайтын құжаттарын қайта қарап, оған әлі де реформалар енгізу қажет. Себебі бір ғана заңдық құжаттан басқа жерде педагогтың баланың қиын жағдайға тап

болғанын қажетті құзырлы органдарға хабар беруін міндеттемейді. Сонымен бірге әлеуметтік педагогтың қызметтік инструкциясын толықтырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықты тар мәселе ретінде маңыздылығын арттыратын қадамдық жұмыс алгоритмдерінің жобасын енгізу керек. Соның бірін біз де ұсынғымыз келіп отыр.

2-кесте – Әлеуметтік педагогтың тұрмыстық зорлықтың алдын алу жұмысының алгоритмі.

№	Құраушылары	Мақсаты	Іс-шара	Қатысушылар
1	Нормативтік құраушылары	Білім беру мекемесіндегі білім алушы балалардың құқығын қорғау бойынша қажетті заңнамалық, нормативтік құжаттармен толық қамтамасыз ету.	Құжаттар номенклатурасын жасау, оны толықтырып отыру. Педагогикалық кеңестерде, ата-аналар жиналыстырында, оқушылардың өзін-өзі басқару кеңестерінде балалардың құқығын қорғау туралы талқылаулар, ағартушылық жұмыстар ұйымдастыру.	Директор, әлеуметтік педагог. Педагог психолог, ата-аналар, оқушылар
2	Мазмұндық құраушылары	Тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау үшін мектеп- бала- ата-ана триадасының барынша тығыз байланыс орнатуын қадағалау; бала тәрбиесіне қатысты, баланы дамыту бойынша сұрақтарды шешуде мектеп пен отбасы тараптарының бірін-бірі толықтырып, пікір алмасып отыруына жағдай жасау.	Мектепте отбасы күні, жекелеген аналар күні, әкелер күні кездесулерін өткізу. Және оған ананың да әкенің де жылына кемінде екі рет келуін міндеттеу. Мұндай мерекелерде балалардың таланттарын, өнерлерін, интеллектуалды қабілеттерін ата-анасына көрсету мақсатымен қойылымдар ұйымдастыру. Отбасылық тренингтер, клубтар жүргізу. Педагогтар мен оқушылар арасындағы және оқушы мен оқушы арасындағы сенімділік қарым-қатынасты оңтайландыру мақсатында іскерлік ойындар, дискуссиялар, тренингтер жүргізу.	Әлеуметтік педагог, педагог-психолог, ата-аналар, оқушылар, педагогтар.
3	Конструктивті құраушылары	Балалар мен ата-аналар, балалар мен педагогтар, оқушылар мен оқушылар арасындағы өзара түсіністік, құрметтеу, қолдауды субъектілердің өздігінен дамытуына ықпал жасау.	Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа жол бермеуге шақыратын республикалық, халықаралық акциялар мен кампанияларға, конкурстарға балалардың қатысуына көмек көрсету. Балалар құқығын қорғау туралы апталықтар немесе айлықтарда балаларды ессе жазу байқауына атсалыстыру, үлгілі отбасы моделін көрсетуге бағытталған әлеуметтік жоба жұмыстарына ата-аналар мен оқушыларды тарту.	Ата-ана, оқушылар
4	Коррекциялық құраушылары	Бала тәрбиесіне байланысты мәселелер, зорлық актілері орын алған жағдайда интервенциялық қызметті ұйымдастыру.	Бала тәрбиесіне қатысты мәселесі бар ата-анамен кеңес беру; зардап шеккен балалар болса әлеуметтік-педагогикалық араласуды іске асыру. Отбасын бақылауға алу, баланың жағдайын бағалау, мектеп инспекторы мен педагог-психолог көмегімен психологиялық түзету ұйымдастыру. Мәселенің тереңдігіне байланысты қажетті құзырлы органдарға шағымдану.	Әлеуметтік педагог, педагог-психолог, инспектор, директор

Тек біздің елімізде ғана емес, көрші Ресей мемлекетінде де балаларды тәрбиелеуде әлі күнге дейін физикалық жазалауды қолданатыны қынжылтады. Бірақ та, дәстүрлі тәрбие біздің

бұрыннан қалыптасқан қоғамдық санаға тікелей қатысты. Балаларға ата-ананың қарым-қатынасын өзгерту оңай жұмыс емес. Дегенмен, ата-ананы ақпараттандыру, кеңестер ұйымдастыру,

тәжірибе алмасу мақсатындағы кездесулер өткізу педагогикалық немесе басқа да әлеуметтік қорғау саласы мамандарының қызметтік міндетіне айналса, онда ақырын жылжып, керекті нәтижеге жетуге үміт бар.

Қорытынды

Осылайша, сауалнама нәтижелері балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың нақты алгоритмін енгізу қажеттілігін көрсетті. Көбінесе, бұл отбасылық зорлық-зомбылыққа ұшырайтындардың белсенді және пассивті субъектілері балалар болып келеді. Кейде ата-аналар өздерінің қателіктерін түсінбейді немесе бала ауруханаға барғанда немесе қоғам араласқан кезде тым кеш қалып жатады. Мұның айғағы ретінде бұқаралық ақпарат құралдарындағы ата-аналардың өз балаларына қатыгездік танытқандары туралы соңғы жаңалықтарды айтсақ болады. Мұндай жағдайларда жалпы білім беретін мектептерде педагогтар, психологтар, әлеуметтік педагогтар превенцияның нақты құралдарын меңгерген маңызды рөлге ие болу керек, яғни олар педиатр дәрігерлері секілді белгілі бір «қауіптен хабар беретін белгімен» анықтап, алдын алу шараларын жүзеге асыру қажет.

Осыған орай, біз болашақ әлеуметтік педагогтарды дайындаудың мазмұнына «Балаларға зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын алу» арнайы курсын ендіруді ұсынамыз. Бұл арнайы курстың мақсаты – бакалаврлардың зорлық-зомбылыққа немесе қатыгездікке ұшыраған немесе «қауіп аймағында» тұрған балалармен жұмыс жасауда алдын алу технологияларын талдау және қолдану қабілетін дамыту. Курстың мазмұны келесідей сұрақтарды қамтитын болады: балаларды зорлық-зомбылық пен қатыгездіктен қорғайтын құжаттар, балаға қатысты зорлық-зомбылыққа әсер ететін факторлар, ата-аналық дағдылар және әлеуметтік нормалар, баланы оқыту мен тәрбиелеудің ұлттық стратегиясы, бала құқығын қорғаудағы превенция және интервенция, зорлық-зомбылықтың алдын алу алгоритмдері, балаларға қатысты зорлық-зомбылықты женудің жеті стратегиясы (WHO, 2016), балалар мен жасөспірімдерде өмірлік дағдыларын қалыптастыру зорлық-зомбылық профилактикасы ретінде, позитивті психология: бақытты балалық шақ және ата-ана.

Жалпы, жүргізілген зерттеу жұмысымыз, осы саладағы сұрақтардың барлығын қамтымайды және перспективалық бағыттарды белгілеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV Заңы.
2. Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы қаулысы.
3. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
4. Как написать обращение к детскому омбудсмену Аружан Саин <https://ru.sputniknews.kz/society/20190724/11046248/obraschenie-detskiy-ombudsmen-aruzhan-sain.html>
5. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
6. Leeb, R. T., Paulozzi, L., Melanson, C., Simon, T., & Arias, I. (2008). Child maltreatment surveillance: Uniform definitions for public health and recommended data elements, version 1.0. Atlanta, GA: Centers for Disease Control and Prevention, National Center for Injury Prevention and Control. Retrieved from <http://www.cdc.gov/ViolencePrevention/pub/CMPSSurveillance.html>.
7. Cicchetti, D., & Toth, S. L. (2005). Child maltreatment. Annual Review of Clinical Psychology, 1, 409-438.
8. Petersen, A. C., Joseph, J., & Feit, M. (Eds.). (2013). New directions in child abuse and neglect research. Washington, DC: The National Academies Press. Retrieved from <http://www.nap.edu/read/18331/chapter/1>.
9. Fixsen, D. L., Naoom, S. F., Blase, K. A., Friedman, R. M., & Wallace, F. (2005). Implementation research: A synthesis of the literature. Tampa, FL: University of South Florida, Louis de la Parte Florida Mental Health Institute, National Implementation Research Network. (FMHI Publication No. 231).
10. Richmond-Crum, M., Joyner, C., Fogerty, S., Ellis, M. L., & Saul, J. (2013). Applying a public health approach: The role of state health departments in preventing maltreatment and fatalities of children. Child Welfare, 92(2), 99-117.
11. Булагбаева А.А., Каденов Е.Т. (2019). The degree of knowledge of the problem of children-victims of domestic violence in scientific literature // Наука и жизнь Казахстана. – № 6(1). – С. 232-238.
12. Анализ положения детей в Республике Казахстан, ЮНИСЕФ. (2019).
13. Волкова Е.Н. Защита детей от жестокого обращения. – СПб., 2007. – 280 с.
14. INSPIRE: seven strategies for ending violence against children, WHO. (2016).

15. Fortson, B. L., Klevens, J., Merrick, M. T., Gilbert, L. K., & Alexander, S. P. (2016). Preventing child abuse and neglect: A technical package for policy, norm, and programmatic activities. Atlanta, GA: National Center for Injury Prevention and Control, Centers for Disease Control and Prevention.

References

1. Analiz polozheniya detei v Respublike Kazakhstan [Analysis of the situation of children in the Republic of Kazakhstan], UNICEF. (2019). (in Russian)
2. Bala kukyktary turaly Konvenciyany ratifikaciyalau turaly Kazakhstan Respublikasynyn Zhogargy Kenesinin 1994 zhylygy 8 mausymdagy kaulysy [Resolution of the Supreme Council of the Republic of Kazakhstan of June 8, 1994 on ratification of the Convention on the Rights of the Child.] (In Kazakh)
3. Bulatbayeva A.A., Kadenov Ye.T. (2019). The degree of knowledge of the problem of children-victims of domestic violence in scientific literature. *Science and life of Kazakhstan*, № 6(1), pp. 232-238.
4. Cicchetti, D., & Toth, S. L. (2005). Child maltreatment. *Annual Review of Clinical Psychology*, 1, pp. 409-438.
5. Fixsen, D. L., Naoom, S. F., Blase, K. A., Friedman, R. M., & Wallace, F. (2005). Implementation research: A synthesis of the literature. Tampa, FL: University of South Florida, Louis de la Parte Florida Mental Health Institute, National Implementation Research Network. (FMHI Publication No. 231).
6. Fortson, B. L., Klevens, J., Merrick, M. T., Gilbert, L. K., & Alexander, S. P. (2016). Preventing child abuse and neglect: A technical package for policy, norm, and programmatic activities. Atlanta, GA: National Center for Injury Prevention and Control, Centers for Disease Control and Prevention.
7. INSPIRE: seven strategies for ending violence against children, WHO. (2016).
8. Kak napisat obraschenie k detskomu ombudsmenu Aruzhan Sain [How to write an appeal to the children's ombudsman Aruzhan Sain] <https://ru.sputniknews.kz/society/20190724/11046248/obraschenie-detskiy-ombudsmen-aruzhan-sain.html> (in Russian)
9. Kazakhstan Respublikasyndagy balanyn kukyktary turaly Kazakhstan Respublikasynyn 2002 zhylygy 8 tamyzdagy N 345 Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated August 8, 2002 N 345 on the rights of the child in the Republic of Kazakhstan.] (In Kazakh)
10. Leeb, R. T., Paulozzi, L., Melanson, C., Simon, T., & Arias, I. (2008). Child maltreatment surveillance: Uniform definitions for public health and recommended data elements, version 1.0. Atlanta, GA: Centers for Disease Control and Prevention, National Center for Injury Prevention and Control. Retrieved from <http://www.cdc.gov/ViolencePrevention/pub/CMPSurveillance.html>.
11. Neke (erli-zaiptylyk) zhane otbasy turaly Kazakhstan Respublikasynyn 2011 zhylygy 26 zheltoksandagy № 518-IV Kodeksi [Marriage and Family Code of the Republic of Kazakhstan dated December 26, 2011 518-IV.] (In Kazakh)
12. Petersen, A. C., Joseph, J., & Feit, M. (Eds.). (2013). New directions in child abuse and neglect research. Washington, DC: The National Academies Press. Retrieved from <http://www.nap.edu/read/18331/chapter/1>.
13. Richmond-Crum, M., Joyner, C., Fogerty, S., Ellis, M. L., & Saul, J. (2013). Applying a public health approach: The role of state health departments in preventing maltreatment and fatalities of children. *Child Welfare*, 92(2), 99-117.
14. Turmystyk zorlyk-zombylyk profilaktikasy turaly Kazakhstan Respublikasynyn 2009 zhylygy 4 zheltoksandagy N 214-IV Zany [Law of the Republic of Kazakhstan dated December 4, 2009 N 214-IV on the prevention of domestic violence.] (In Kazakh)
15. Volkova E.N. Zashchita detei ot zhestokogo obrascheniya [Protecting children from cruel treatment.] SPb., 2007.280p. (in Russian)